

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім
қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Батыс Қазақстан облыстық
ұйымы кәсіподақ органдарының жұмыс тәжірибесін кешенді зерделеу
нәтижелері туралы
Анықтама**

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы Орталық комитетінің 2025 жылға арналған сайланбалы органдар мен аппараттың Перспективалық жұмыс жоспарына сәйкес 2025 жылғы 12-14 мамыр аралығында «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Батыс Қазақстан облыстық ұйымы» ҚБ-де (бұдан әрі – Облыстық ұйым) кәсіподақ органдарының 2022-2024 жылдардағы ұйымдастырушылық, құқықтық және кадрлық қызметінің жай-күйіне кешенді талдау жүргізілді. Жұмыс тобының құрамында: Р.М. Қыдырбаева (құқықтық жұмыс және ЕҚЖЕҚ бөлімінің басшысы), Е.С. Иманбаев (ұйымдастыру жұмысы бөлімінің басшысы) болды.

1. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ

1) Ұйымдастырушылық-құжаттамалық қамтамасыз ету

Аппарат жұмысының құжаттамалық сүйемелденуі жүйелі түрде жүргізіледі. Істер номенклатурасы мен жұмыс жоспары жыл сайын Кәсіподақ Атқару комитетінің қаулысымен бекітіледі. Құжаттар Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподақ органдарында жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және іс жүргізу тәртібі туралы Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі (2024 жылғы 22 ақпандағы №31, 8-тармақ Атқару комитетінің қаулысымен бекітілген).

Барлық штаттық бірліктер бойынша лауазымдық нұсқаулықтар бекітілген. Алайда кадрлық құжаттарды рәсімдеуде кейбір сәйкессіздіктер анықталды. Мысалы, марапаттау материалдарын рәсімдеу бір қызметкерге жүктелгенімен, іс жүзінде бұл жұмысты басқа қызметкер атқарады. Ұйымдастыру жұмысы жөніндегі маманға тиісті ұсыныстар берілді.

Басқарушы органдардың отырыстарының хаттамалары дұрыс рәсімделген, нөмірлеу және есепке алу жүйелі түрде жүргізіледі. Отырыстарды тіркеу журналы жүйелі түрде толтырылады.

Есепті кезеңде 1 есеп беру-сайлау конференциясы, Комитеттің 5 отырысы, Атқару комитетінің 22 отырысы өткізілді. Сонымен қатар, кәсіподақ активімен кездесулер, семинарлар және дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

2) Мүшелік база және цифрландыру

Кәсіподақтың Орталық комитетімен және Атқару комитетімен бірыңғай цифрлық мүшелік базаны қалыптастыру мәселесі бірнеше рет қаралды. Осы шешімді жүзеге асыру аясында Облыстық ұйым кәсіподақтың

34 404 мүшесі туралы мәлімет енгізді. Алайда 2025 жылғы 1 қаңтардағы статистикалық мәліметтер бойынша кәсіподақ мүшелерінің саны – 35 006 адам. Демек, тіркелген және нақты мүшелер саны арасында алшақтық бар, бұл кәсіподақтың бірыңғай цифрлық базасының толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету үшін деректерді өзектендіру мен салыстыру қажеттігін көрсетеді.

Мүше санының азаюы алаңдаушылық тудырады:

- 2022 жылы – 37 131 мүше (554 бастауыш кәсіподақ ұйымы);
- 2023 жылы – 36 075 мүше (558 бастауыш кәсіподақ ұйымы);
- 2024 жылы – 35 006 мүше (558 бастауыш кәсіподақ ұйымы).

Үш жыл ішінде 2 000-нан астам кәсіподақ мүшесі азайған. Бұл жұмысшылардың кәсіподақ қатарынан кету себептерін терең талдауды, сондай-ақ, әсіресе жастар қатарынан жаңа мүшелерді және оларды мүшелік қатарында ұстап қалуға арналған мотивациялық әрекеттерді енгізуді қажет етеді.

Ардагерлермен, еңбекші әйелдермен жүйелі жұмыс жүргізілуде. Аталған кеңес пен комиссия құрамы жасақталған.

3) Әлеуметтік қорғау және құқықтық қорғау жұмысы

Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін педагогтардың құқықтарының сақталуы басты мәселелердің бірі ретінде қарастырылды. Облыстық ұйымның Атқару комитеті отырыстарында бірнеше рет 2020 жылғы 9 желтоқсандағы №40-4 БҚО мәслихаты шешімінің орындалмауы туралы мәселесі көтерілді. Бұл шешім ауылдық жерлерде жұмыс жасайтын педагогтарға коммуналдық қызметтер мен отын үшін өтемақы төлеуді көздейді.

Прокуратураға жолданған сауалға ресми жауап алынды (2025 жылғы 14 сәуірдегі №2-06-25-02730). Төлем мәселесі тек Бөрлі ауданында (5 АЕК мөлшерінде төлем) ішінара шешімін тапқан, қалған аудандарда төленбей отыр. Бұл мемлекеттік органдармен жүйелі өзара іс-қимылды және мәселені жария түрде көтеруді қажет етеді.

4) Кадр жұмысы және заңнаманың сақталуы

Облыстық ұйымның барлық штаттық лауазымдары бойынша лауазымдық нұсқаулықтар әзірленіп, тиісті еңбек шарттары жасалған.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 27 маусымдағы №211-V «Кәсіптік одақтар туралы» Заңының 3-бабының 3-тармағына сәйкес барлық деңгейдегі кәсіподақтың сайланбалы органдарына жұмыс беруші өкілдерінің қатысуына тікелей тыйым салынған. Заң талаптарын орындау мақсатында Кәсіподақтың Атқару комитеті (2020 жылғы 15 маусымдағы №3 қаулы, 6-тармақ) мүшелік ұйымдардың басқарушы органдарына кәсіподақ органдарын жоғарыда аталған заң нормасына сәйкес қайта қалыптастыруды, яғни жұмыс беруші өкілдерін кәсіподақ құрылымдарының басқару органдары құрамынан

алып тастауды ұсынған. Бұл шектеу жұмыс беруші мен жұмыскер өкілдерінің мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған.

Соған қарамастан, практикада аталған талаптар сақталмайтын жағдайлар кездесуде. Мысалы, Облыстық ұйымға қарасты Бөрлі аудандық кәсіподақ филиалының төрғасы болып А.Ж. Имашева сайланған, ол төрағалықпен бірге білім беру ұйымының басшысы қызметін де атқарады. Бұл – заңнама талаптарының бұзылуы, себебі жұмыс беруші мәртебесіне ие тұлға кәсіподақтың сайланбалы органына енген.

Осыған байланысты Облыстық ұйым мен оның филиалдарының кадрлық құрылымын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына толық сәйкестікке келтіру бойынша жедел шаралар қабылдау ұсынылды. Облыстық ұйымның төрағасы (М.О. Даупаев) кәсіптік одақтар туралы заңнаманың бұзылуын жою жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

5) Ақпараттық саясат

Облыстық ұйым аппараты құрамында ақпараттық жұмыс бойынша штат бірлігі жоқ. 2025 жылдың мамыр айынан бастап Facebook парақшасы, мессенджерлер және ZOOM платформасы арқылы жұмыс белсендірілген. Алайда ресми веб-сайттың, тұрақты жаңалықтар тізбегінің және ақпараттық таралымның болмауы кәсіподақ органдары қызметінің ашықтығы мен айқындығын төмендетеді. Жастар аудиториясын да қамтитын коммуникациялық стратегияны әзірлеу қажет.

6) Кәсіподақтық оқыту және әдістемелік қолдау

Оқыту Кәсіподақтың Орталық комитеті аппараты мамандарының қолдауымен жүзеге асырылады. Алайда әдістемелік материалдардың болмауы оқу процесінің сапасын төмендетеді.

Бөрлі ауданында келісу комиссияларының мүшелерін мемлекеттік сатып алу арқылы бюджет есебінен жүйелі түрде оқыту – оң тәжірибе. Бұл тәжірибені басқа өңірлерге де тарату қажет.

Жыл	Барлығы оқығандар (адам)	Кәсіподақ белсенділері	Бастауыш ұйым төрағалары	Бақылау-тексеру комиссиясы
2022 ж.	7 507	2 638	558	1 674
2023 ж.	5 668	2 232	558	1 700
2024 ж.	7 724	4 102	555	1 542
Барлығы	20 899			

2025 жылы Кәсіподақтың Орталық комитеті мен ҚР Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, облыс көлемінде кәсіподақ активі мен білім беру ұйымдарының басшыларына арналған семинар өткізді.

Кәсіподақтың Атқару комитетінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы №2 қаулысымен бекітілген «Кәсіподақтық мүшелік жарналарды төлеу, бөлу және жұмсау тәртібі туралы» Ережесіне сәйкес кәсіподақ органы бюджетінің

шығыс бөлігінің кемінде 10%-ы кәсіподақ кадрларын даярлау мен кәсіподақ активін оқытуға бағытталуы тиіс. Алайда, Облыстық ұйым бұл қаражатты жоспарлау мен жұмсау тәртібін реттемеген және ол жеткілікті деңгейде ашық емес.

7) Кәсіподақ мүшелерін сауықтыру

Кәсіподақ мүшелерін сауықтыру және демалыспен қамтамасыз ету оң динамика көрсетуде. 2022-2024 жылдар аралығында 2 596 кәсіподақ мүшесі 203 938 720 теңгеге сауықтырылған.

Ұсыныстар:

- цифрлық мүшелік базаны нақты деректермен сәйкестендіру жұмыстарын жүргізу;
- кадр саясатын қолданыстағы заңнамаға (оның ішінде ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» Заңының 3-бабына) толық сәйкестікке келтіру;
- ақпараттық жұмысты ілгерілету бойынша кешенді стратегия әзірлеу;
- кәсіподақ активін оқытуға арналған әдістемелік материалдарды әзірлей отырып, оларды қолданысқа енгізу;
- оқыту мен кадр даярлауға бөлінетін қаражатты жұмсауда ашықтықты қамтамасыз ету;
- ұстаздарды әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды күшейту;
- Бөрлі ауданының оң тәжірибесін қолдап, өзге аудандарға тарату;
- Облыстық ұйым аппаратының бас құқықтық маманы үшін бөлек қызметтік кабинет (бөлме) беру мәселесін қарастыру;
- Жастар кеңесімен жұмысты жандандыру.

Қорытынды

Облыстық ұйымның кәсіподақ органдарының жұмысы жалпы жүйелі сипатта жүргізілуде және кәсіподақ қызметінің негізгі бағыттарын қамтиды. Алайда анықталған кемшіліктер жедел түзетуді қажет етеді. Ұйымдастырушылық әлеуетті күшейту, ақпараттық ашықтықты арттыру, заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз ету және кәсіподақтың білім беру қызметін дамыту алдағы кезеңдегі басым бағыттар болуы тиіс.

2. ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ЖҰМЫСЫ

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Батыс Қазақстан облыстық ұйымы» ҚБ-нің (бұдан әрі – Облыстық ұйым) құрамында 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 13 филиал, 555 бастауыш кәсіподақ ұйымы бар, олар 35 006 кәсіподақ мүшесін біріктіреді.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының XV съезінде бекітілген 2024-2029 жылдарға арналған қызмет бағдарламасына сәйкес кәсіподақ органдары мен ұйымдарының қызметіндегі басым бағыт кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғау мәселелері болып табылады.

Аталған бағыт аясындағы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін Кәсіподақтың басқарушы органдары штаттық кәсіподақ құқықтық инспекциясының жұмысын ұйымдастыру бойынша бірқатар қаулылар қабылдады. Мүшелік ұйымдарға кәсіподақ органдары аппараттарының штат кестесіне құқықтық жұмыс жөніндегі маман лауазымдарын енгізу бірнеше рет ұсынылған.

Облыстық ұйым құрылымында құқықтық қорғау жұмысына жауапты 1 (бір) бірлік – бас маман (заңгер) қарастырылған. Құқықтық қызметке жүктелген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін бас маман (заңгер) өзінің лауазымдық нұсқаулығына және Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподақ ұйымының құқықтық қызметі туралы Ережеге сәйкес бірқатар функцияларды орындайды.

2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі есептік кезеңде Облыстық ұйымға практикалық көмек көрсету және жұмыс тәжірибесін кешенді зерттеу барысында төмендегідей көрсеткіштер қаралды:

1. 2021–2024 жылдар аралығында кәсіподақ мүшелерімен барлығы 3 356 жеке қабылдау өткізілген, ал биылғы жылдың сәуір айына дейін – 37 қабылдау. Бұл қабылдаулар еңбекші азаматтардың хаттары, өтініштері мен шағымдарын тіркеу журналдарында тіркелген;

2. 2021-2024 жылдар аралығында құқықтық мәселелер бойынша 3 529 ауызша кеңес берілген, ал 2025 жылдың сәуір айына дейін – 87 кеңес;

3. 2021-2024 жылдар аралығындағы жазбаша өтініштердің жалпы саны – 181, ал 2025 жылдың сәуіріне дейін – 10;

4. Еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылау жылдық жұмыс жоспарына сәйкес бекітілген кесте бойынша жүргізілген. Алайда, тексеріс нәтижелері бойынша анықталған заңбұзушылықтарды жою актілері ресімделмеген. Білім беру ұйымдарындағы қоғамдық бақылау жұмыстары Атқару комитеті отырыстарында қаралған, қоғамдық бақылау кестелері мен тексеру нәтижелері туралы анықтамалар тіркелген;

5. Құқықтық қамтамасыз ету мәселелері бойынша семинарлар өткізілген, кәсіподақ белсенділеріне және олардың мүшелеріне әдістемелік көмек көрсетілген. Алайда оқытуға арналған тақырыптық бағдарламалар әзірленбеген және бекітілмеген;

6. Облыстық ұйым өз тарапынан келісу комиссиялары мүшелерін оқытуды жүргізбеген. Тек Бөрлі ауданында жұмыс беруші тарапынан келісу комиссиялары мүшелерін оқыту жүзеге асырылған. 2021-2022 жылдары Кәсіподақтың Орталық комитеті тарапынан оқыту өткізіліп, Орал қалалық кәсіподақ комитеті филиалы, Бәйтерек және Теректі аудандық кәсіподақ

комитеттері, облыстық білім беру мекемелері мен орталықтары, қалалық колледждер мен ЖОО-дың келісу комиссиялары мүшелеріне барлығы 421 сертификат берілген;

7. 2021-2024 жылдар аралығында білім беру ұйымдарында орын алған жазатайым оқиғалар туралы Еңбек инспекцияларының анықтамалары бар. БҚО Еңбек инспекциясының деректері бойынша 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін білім беру ұйымдарында 2 жазатайым оқиға тіркелген;

8. ҚР Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес өңірде жасалған 553 ұжымдық шарттың барлығы (100%) еңбек инспекциясында тіркелген. Өңірлік келісім уәкілетті мемлекеттік органда (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі) тіркелген (тіркеу №332, 2024 жылғы 23 сәуір);

9. Облыстық ұйым тарапынан бастауыш кәсіподақ ұйымдары мен филиалдардан құқықтық есептілік нысандарына сәйкес мәліметтер жиналмағаны анықталды.

Ұсыныстар:

- Құқықтық жұмыс және еңбекті қорғау мен қауіпсіздік салаларындағы құжаттаманы талапқа сай келтіру;
- Жұмыстың көрсеткіштерін объективті есепке алуды және шынайы есептілікті қамтамасыз ету.

**Кәсіподақтың Орталық комитеті
аппаратының құқықтық жұмыс
және ЕҚЖЕҚ бөлімінің басшысы**

Р. Қыдырбаева

**Кәсіподақтың Орталық комитеті
аппаратының ұйымдастыру жұмысы
бөлімінің басшысы**

Е. Иманбаев